

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 7 сәуірдегі N 90-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 30 қазандағы N 309-ө
Өкімі

"2006 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және ресми халықаралық жарыстар өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 7 сәуірдегі N 90-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

2006 жылы Қазақстан Республикасында өткізілетін республикалық және ресми халықаралық жарыстардың тізбесінде:
реттік нөмірі 8 - жолда:

2-бағандағы "Қазақша күрестен әлем чемпионаты" деген сөздер "ЮНЕСКО-мен ынтымақтастықтағы "Дәстүрлі күрес түрлері бойынша дүниежүзілік фестиваль" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-бағандағы "21 - 24 қыркүйек" деген сөздер "2 - 7 қараша" деген сөздермен ауыстырылсын.

Премьер-Министр